

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

## Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

03 ақпан 2017 жыл

### **KASE қор нарығындағы өтінімдер мен жасалған мәмілелер бойынша маржалаудың бірыңғай шектелімі жүйесін қолданысқа енгізеді**

T+2 тәртібі қолданылатын, қор нарығының өтінімдері мен мәмілелері бойынша маржалаудың жүйесін жетілдіру шегінде, "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) бірыңғай шектелім механизмін әзірледі.

Жаңа механизм сауда-саттыққа қатысушының жиынтық портфелін бағалауға және ашылған T+2 жайғасымына қамтамасыз ету ретінде ескеруге мүмкіндік береді. Ақшадан басқа, T+2 сызбасы бойынша саудаланатын, бағалы қағаздар да қамтамасыз ету бола алады.

Бірыңғай шектелімге сәйкес сауда-саттыққа қатысушысының портфелі нарықтық құны бойынша бағаланып, Биржамен белгіленген, тиісті дисконттар ескеріледі. Нарықтық құнның бұл мөлшері, T+2 мәмілесін жасасуға қолжетімді, маржалық қамтамасыз етудің шектелімі болып табылады.

2017 жылдың 06 ақпанынан бастап аталмыш жүйені іске асыру мақсатында KASE мынадай ішкі құжаттарына, KASE Директорлар кеңесімен бекітілген және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен келісілген, келесідей түзетулер қолданысқа енгізіледі:

- 1) Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелеріне (ережелер) енгізілген № 3 толықтырулар мен өзгертулер ;
- 2) Клирингілік қатысушылар туралы қағидаға (Қағида) енгізілген № 2 өзгертулер мен толықтырулар;
- 3) Қор нарығында T+2 сызбасы бойынша мәмілелер жасасу тәртібі (Тәртіп) енгізілген № 5 өзгертулер мен толықтырулар.

Осы кезде T+2 тәртібі қолданылатын мәмілелер жасасуға KASE сауда-саттық жүйесіне берілетін өтінімдер бастапқы маржамен қамтамасыз етілуі тиіс (сатуға өтінімдер үшін бастапқы маржа өтінімнің көлеміне тең санындағы активпен ауыстырылуы мүмкін). Бастапқы маржаның жеткіліктілігі (немесе активтің) сауда-саттық жүйесімен өтінімді беру кезеңінде автоматты түрде өлшенеді.

Бекітілген түзетулер шегінде, KASE өтінімдер бойынша қамтамасыз етудің жеткіліктілігін өлшеу құралы ретінде бастапқы маржадан бас тартып, оны шектеліммен ауыстырады. Осылайшы, қатысушылар өтінімдер мен мәмілелерді олардың "Орталық бағалы қағаздар депозитарий" АҚ (KACD) шоттарында бар, T+2 сызбасы бойынша саудаланатын, активтермен, осы активтер бойынша дисконттарды ескерумен қамтамасыз ете алады.

Бірыңғай шектелімді қолдану мақсаты клирингілік қатысушының (меншікті немесе клиенттік) шоты бойынша өтінімдер беру және мәмілелер жасасу үшін қажетті маржалық қамтамасыз етудің жеткіліктілік деңгейін өлшеу және қолдау болып табылады. Бірыңғай шектелім клирингілік қатысушылардың меншікті шоттары бойынша және осы клирингілік қатысушылардың әр клиенттік шоты бойынша жеке-жеке есептеледі.

Бұл жүйе биржалық сауда-саттық пен клирингінің халықаралық стандартын ескере отырып әзірленді.

Бұдан басқа, KACD және KASE арасындағы өзара әрекеттестіктің шарттары мен тәртібі жеңілдетіледі. Қамтамасыз ету болып табылатын және клирингілік қатысушылардың банктердегі және олардың клиенттерінің, KACD ашылған, жеке шоттарындағы активтерді оқшаулау процедурасын алып тастау жоспарланды. Осының орнына сауда-саттық және сауда-

саттықтан кейінгі процедураларды өткізу кезінде нақты уақыт тәртіптемесінде қатысушылар мен олардың клиенттерінің қамтамасыз етуіне бір күндегі бақылауы жүзеге асырылады.

Жоғарыда айтылмыш бақылауды жүргізу мақсатында, KACD және KASE операциялық күндері синхрондалады.

####

#### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы KASE БҰҰ "Қор биржалар тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE ТМД биржалары арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша 2-ші орынға иеленіп, FEAS биржаларының акциялар нарығының капитализациясы бойынша топ-5 кіреді.

*Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)*